

Ғибадат үйлерін, ғимараттарды және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы ережені бекіту жайында

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 14 желтоқсан 1993 ж. N 1247 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 210 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.02.07 № 210 Қаулысымен.

"Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ғибадат үйлерін, ғимараттарды және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері діни бірлестіктерге берілген ғибадат үйлеріне, ғимараттарға және өзге де мүлікке олардың меншік иесі болып қалыптасуына көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі діни бірлестіктердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану тәртібі мен шарттарын анықтайтын қорғау құжаттарының (қорғау шарты, қорғау және жалдау шарты, қорғау міндеттемесі) нысандарын әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 желтоқсандағы
N 1247 қаулысымен

Бекітілген

**Ғибадат үйлерін, ғимараттарын және
өзге де мүлікті діни бірлестіктерге
беру тәртібі туралы**

Ереже

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 109-бабының 9-тармағына және "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес діни бірлестіктер иелік

еткен немесе олар өздерінің қаражаты, азаматтардың, ұйымдардың қайырымдылығы есебінен түзген яки мемлекет берген және Заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша алған мүлікті меншіктеуші құқын и е л е н е д і .

Ескерту. 1-абзац жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.01.19.

№

71

қ а у л ы с ы м е н .

Діни бірлестіктердің азаматтардың, ұйымдардың қайырмалдығынан құралған өз қаржысы есебінен сатып алған немесе жасаған мүлікті, немесе мемлекет берген және заңдарға қайшы келмейтін басқа да негізде сатып алған мүлікті м е н ш і к т е н у қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасының "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңның 17-бабында көзделгеніндей ғибадат үйлері айналасындағы аумағымен қоса меншігіне берілуіне немесе өтемсіз пайдалануына артықшылық құқығы бар. Жергілікті атқарушы және өкілді органдар мемлекет меншігіндегі өзге де ғибадат мақсатындағы мүлікті діни бірлестіктерге б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

1. Діни бірлестіктерге ғибадат үйлерін, ғимараттарын және өзге де мүлікті беру тәртібі жергілікті атқарушы және өкілді органдардың балансындағы, діни бірлестіктер иелену мен пайдалану құқығын жүзеге асыратын жылжымайтын және жылжитын барлық мүлік түрлеріне, сондай-ақ кезінде мемлекет ұлт меншігіне айналдырған діни бірлестіктердің мүлкіне және тарих пен мәдениет ескерткіштері - ғибадат үйлері мен ғимараттарына қолданылады.

2. Ғибадат үйлері, ғимараттарының және өзге де мүліктің берілуіне мүдделі діни бірлестіктер бұл жөнінде жергілікті әкімнің атына өтініш жасайды. Өтініш б і р а й м е р з і м і ш і н д е қ а р а л а д ы .

3. Жергілікті әкімнің өтініші алдын ала барлық мүдделі органдармен келісілгеннен кейін түпкілікті шешім қабылдау үшін мемлекеттік мүлік жөніндегі а у м а қ т ы қ к о м и т е т к е ж і б е р і л е д і .

4. Діни бірлестіктердің бұрын өз қаражаты есебінен сатып алған, кейін мемлекет ұлт иелігіне айналдырған ғибадаттық мақсаттағы жылжымалы және өзге де мүлігі олардың өтініші бойынша осындай тәртіп бойынша қайтарылады.

5. Белгіленген тәртіппен тарихи және мәдениет ескерткіші деп танылған ғибадат үйлері, ғимараттары мен ғибадаттық мақсаттағы өзге де мүлік тек Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады, олар діни бірлестіктердің тек пайдалануына ғана беріледі. Оларды беру Қазақстан Республикасының " Т а р и х - м ә д е н и е т м ұ р а л а р ы н қ о р ғ а у ж ә н е п а й д а л а н у т у р а л ы " З а ң ы м е н ж ә н е о с ы Е р е ж е м е н р е т т е л е д і .

6. Діни бірлестіктердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану тәртібін, сипаты мен шарттарын мемлекеттік тарих-мәдениет мұраларын қорғау

және пайдалану органдары белгілейді, ал әрбір ескерткішке тиісті қорғау құжатымен анықталады.

7. Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғибадат үйлерін, ғимараттарын және өзге де мүлікті діни бірлестіктердің пайдалануына беруді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, Мәдениет министрлігі, мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, ал жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін - жергілікті тарих және мәдениет мұраларын қорғау мен пайдалану органдарының (мәдениет бөлімдерінің, басқармаларының) келісуі бойынша жергілікті әкім жүзеге асырады.

8. Қорғау құжаттарының (қорғау шарты, қорғау және жалдау шарты, қорғау міндеттемесі) нысандарын Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі белгілейді.

9. Қорғау шарттары жылжымайтын тарих және мәдениет ескерткіштері пайдалануына берілетін діни бірлестіктер мен осы ескерткіштер балансында тұратын жергілікті тарих-мәдениет мұраларын қорғау және пайдалану органдарының арасында жасалады.

10. Діни бірлестіктер жылжымайтын ескерткіштерді, олардың жеке үй-жайларын, сондай-ақ оларға байланысты аумақтар мен ғимараттарды шаруашылық мақсатқа пайдаланатын жағдайда қорғау және жалдау шарттары жалпы негізде жасалады.

11. Діни бірлестіктер қорғау міндеттемелерін жергілікті тарих-мәдениет мұраларын қорғау мен пайдалану органдарына егер:

жылжымайтын ескерткіштер діни бірлестіктердің меншігінде болған; жер аумағы онда орналасқан жылжымайтын ескерткіштермен қоса діни бірлестіктердің пайдалануына берілген, қорғау және жалдау шарттары негізінде пайдаланатын ескерткіштерден басқасы;

жылжымалы тарих және мәдениет ескерткіштері діни бірлестіктердің пайдалануында немесе меншігінде болған жағдайда береді.

12. Ғибадат үйлері мен ғимараттарын меншіктену құқығы ауысқан кезде сол объектілермен бірге Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіп пен шарттар негізінде жер учаскесін пайдалану құқығы да ауысады.